

Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің жас ғалымдар кеңесі ерікті негіздегі тұрақты түрде ұжымдық бағытта жұмыс атқаратын ұйым болып табылады.

Кеңес – университеттің жас ғалымдарының саясатын қалыптастыратын және оларды іске асыратын, әлеуметтік-тұрмыстық мәселер мен кәсіби салаларында қызуғышылықтарын қорғайтын университеттің жас өкілетті уәкілдерінен құрылған жастар.

Жас ғалымдар кеңесінің жұмысы 35 жасқа дейінгі оқытушылардың оқу-әдістемелік, ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелігін арттыру және жүзеге асыру.

Кеңес қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде және университет қызметін, және өзін-өзі басқару принциптерін қадағалайтын құқықтық құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

Кеңестің негізгі мақсаттары:

- жас ғалымдарға кәсіби деңгейлерін арттыруға көмектесу, шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыру, ғылыми жетістіктерді жастар арасында талдау және насихаттау.

Негізгі міндеттері:

- университеттің жас ғалымдарының кәсіби жолда өсуіне жәрдемдесу, жастардың ғылыми бастамалар мен ынталарын дамыту және оларды университетте шоғырландыру.
- жас ғалымдардың Қазақстанда және шетелде өткізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарына, ғылыми-зерттеу жобалары мен бағдарламаларына, ғылыми тағылымдамаларға, байқаулар, конференциялар және семинарларға қатысуын ұйымдастыру, қаржылық қолдауға жәрдем көрсету;
- елімізде, алыс және жақын шет елдерде өтетін жас ғалымдардың зерттеулерін қолдауға (гранттар) бағытталған ғылыми-зерттеу жобалары мен бағдарламалары туралы уақтылы хабарлау;
- ең үздік ғылыми-техникалық өндіріс (өнім) үшін ғылыми конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер мен байқаулар ұйымдастыру және насихаттау, ғылыми мақалалар мен баяндамалар жариялауда жас ғалымдарға жәрдемдесу;
- ғылыми зерттеулердің әдістемелері мен зерттеу әдістерін меңгеруде жас ғалымдарға көмек көрсетуге бағытталған іс-шаралар өткізу;
- отандық және шетелдік гранттар бойынша белсенді жұмыс істеуге жас ғалымдарды тартуға жәрдемдесу;
- ғылым министрлігі және басқа да министрліктер жариялайтын жүлделер үшін жас ғалымдардың еңбектерін насихаттау, талантты жас мамандардың магистратура немесе докторантураға түсуіне ұсыныс жасау.